

Тіркеу №93
«20» маусым 2023 ж.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
2023 жылғы «13» маусымдағы №8
хаттамасымен бекітілді

«БЖЗҚ» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар:

№ р/р	Өзгерістер, толықтырулар енгізілген	Күні	№	Тіркеу №
1	Хаттама	«30» қазан 2023ж.	№13	№159
2	Хаттама	«20» ақпан 2026ж.	№ 2	№15
3	Хаттама	« _____ » _____ 202__ ж.	№ _____	№ _____
4	Хаттама	« _____ » _____ 202__ ж.	№ _____	№ _____

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің
20__ жылғы «__» _____ №__ хаттамасымен күші жойылды деп танылды.

1-тарау. Жалпы ережелер

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 30.10.2023 ж. №13 хаттамасымен бекітілген өзгерістерге сәйкес 1-тармаққа өзгерістер енгізілді.

1. «БЖЗҚ» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты (бұдан әрі – Саясат) **Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексіне, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 40 «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына (бұдан әрі – Қағида), «COSO Internal Control - Integrated Framework» халықаралық ішкі бақылау стандарттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне және «БЖЗҚ» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген.**

2. Тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі белгіленген мақсаттарға жетуге, стратегиялық жоспарлардың орындалуына және Қор тәуекелі мен пайдалылығы арасындағы оңтайлы қатынасты орнатуға ықпал етеді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 30.10.2023 ж. №13, 20.02.2026 жылғы № 2 хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 3-тармаққа өзгерістер енгізілді.

3. Осы Саясатта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

1) негізгі тәуекелдер – Қордың белгілі бір стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үдерісіне теріс әсер етуге қабілетті әлеуетті оқиғалар;

2) ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшелері – **киберқауіпсіздік бөлімшесі, инфрақұрылымды дамыту және қолдау бөлімшесі, цифрлық трансформация бөлімшесі, ақпараттық жүйелер бөлімшесі;**

3) тәуекелдер – Қордың мақсаттарына жетуге және стратегиялық мақсаттарын сәтті орындауға кедергі келтіретін әрекеті/әрекетсіздігі немесе жағымсыз оқиғалар себебінен пайда алудың белгісіздігін және/немесе мақсаттарға жету мүмкіндігін төмендететін нақты немесе ықтимал оқиғалар;

4) тәуекел сыйымдылық – Қор өз мақсатына жету барысында өзіне қолайлы деп санайтын тәуекелдің жиынтық (жалпы) деңгейі;

5) тәуекелдерді басқару жүйесі – тәуекелдерді басқару мақсаттары мен міндеттеріне жетуге бағытталған және акционерлер үшін қолайлы тәуекелдер деңгейі аясында іске асырылған және әлеуетті тәуекелдерді басқару бойынша бірыңғай үдеріске біріктірілген рәсімдер, әдістер, ақпараттық жүйелер сынды өзара байланысты элементтердің жиынтығы. Қор қызметіне әсер ететін іске асырылған және ықтимал тәуекелдерді анықтау және басқару үдерісіне Директорлар кеңесі, Басқарма, бекітілген құзырет пен жауапкершілік аясында құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері қатысады;

6) тәуекелге төзімділік – нақты мақсатқа жетуге қатысты ауытқушылықтың жіберілген деңгейі;

7) тәуекелдерді басқару – стратегия әзірлеу кезінде басталып, Қордың барлық қызметіне қатысы болатын және Қорға әсер етуі мүмкін оқиғаларды анықтауға және осы оқиғалардың әлеуетін басқаруға, сондай-ақ тәуекел сыйымдылығынан асып кетпеуді және Қор мақсаттарына жетудің орынды кепілінің болуын бақылауға бағытталған Қордың Директорлар кеңесі, Басқармасы мен басқа да қызметкерлері жүзеге асыратын үдеріс;

8) Қор – «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы;

9) төтенше жағдайлар – дүлей күш жағдайлары (табиғи құбылыстар, әскери іс-қимылдар, су тасқыны, жер сілкінісі, шектемелер, ереуілдер, ылаңкестік актілер және алдын ала болжауға болмайтын осыған ұқсас басқа оқиғалар);

10) Value at Risk (VaR) – берілген мүмкіндік дәрежесімен берілген кезең ішінде шығынның барынша мүмкін шамасын сипаттайтын ақшалай бірліктегі бағалау үлгісі.

4. Саясатқа қосымшалар тізбесі:

1) 1-қосымша – _____ жылғы «___» тоқсанға «БЖЗҚ» АҚ тәуекелдерді басқару жүйесі талаптарының сақталуы (пайдалануы) туралы ақпарат;

2) 2-қосымша – тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау (ТБЖ және ІБ) қатысушыларының негізгі функционалдық міндеттерін бөлу.

2-тарау. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі

§1. Тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаты мен міндеті

5. Қорда тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру Қор қызметінің корпоративтік басқару, ақпараттық жүйелердің және басқару ақпарат жүйесінің жұмыс істеуі бойынша талаптарға сәйкес келтіру мақсатында жүзеге асырылады.

6. Тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру міндеттері:

1) тәуекелдерді және қауіптерді уақтылы анықтау;

2) тәуекелдер көрсеткіштерінің ең жоғары жол берілетін мәндерін бағалаудың сапасын арттыру;

3) тәуекелдерді бақылаудың балама тетіктерін дамыту;

4) тәуекелдерді барынша азайту және басқару бойынша уақтылы шараларды қабылдауды қамтамасыз ету;

5) тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшені қоса алғанда, Қордың жекелеген құрылымдық бөлімшелерін тәуекелдерге мониторинг жүргізу және бағалау процесіне тарту, сондай-ақ Қор қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару саласындағы жауапкершілігін арттыру болып табылады.

7. Тәуекелдерді басқару жүйесін құру міндеттерін іске асыру:

1) тәуекелдерді басқарудың бүкіл үдерісінің қызмет етуін қамтамасыз ету – сәйкестендіру мен мониторингілеуден бастап тәуекелдерді басқару шараларын іске асыруға дейін;

2) тәуекелдер ықпалын төмендету және тиімді бақылау рәсімдерін ендіру есебінен Қор қызметінің тиімділігін арттыру;

3) түйінді тәуекелдерді төмендетуге бағытталған бақылау рәсімдері мен Қордың үдерістерінің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін ішкі бақылау механизмдерін жетілдіру;

4) тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау аясында Қордың түрлі органдары, бөлімшелері мен қызметкерлері арасында міндеттемелерді, құқықтарды және жауапкершілікті бөлу;

5) Қордың Директорлар кеңесі және/немесе Басқармасы анықтайтын өзге міндеттерді орындау арқылы жүзеге асырылады.

§2. Тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтері

8. Тәуекелдерді басқару жүйесіне мынадай элементтер кіреді:

1) тәуекелдерді сәйкестендіру тәуекелді уақытында анықтауға, тануға және сипаттауға мүмкіндік береді;

2) тәуекелдерді өлшеу зиян деңгейін ықтимал шығындар көлемін бағалауға және шығындарға әкелетін жағымсыз оқиғалардың немесе жағдайлардың орын алу мүмкіндігін бағалау жолымен жүзеге асырылатын тәуекелдерді азайту бойынша шаралардың және/немесе сәйкесті бақылау шараларының жоқтығы себебінен құрылған тәуекелдерді іске асырған жағдайда белгілейді;

3) тәуекелдерді бағалау тәуекелге ұшырағыш Қор қызметінің (үдерістер) бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді және есептілікті және ақпаратпен алмасу жүйесін, сондай-ақ Қор бөлімшелерінің, қызметкерлерінің өкілеттігі мен жауапкершілігін талдауды қоса алғанда қор қызметінің ішкі үдерістерін жағымсыз оқиғалар факторының болуы немесе туындау мүмкіндігіне талдау жүргізу арқылы жүзеге асырылады;

4) тәуекелдерді бақылау регламенттелетін ішкі нормативтік құжаттармен белгіленген рәсімдердің тиісті орындалуына әрекеттесу мен уақытында байқау және ықтимал шығындар көлемін азайтуға немесе операциялық шығындарға әкелетін жағдайлар немесе оқиғалардың

туындау мүмкіндігін алдын алуға/төмендетуге бағытталған шаралар кешенін қабылдау болып табылады;

5) тәуекелдер мониторингісі ішкі бақылау жүйесінің рәсімдерін қолдану жолымен тәуекелдер деңгейінің көтерілуін ескерту мақстында жүргізіледі және тәуекел іске асырылған жағдайда кері салдарын және ықтимал шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін және алдын ала сақтандыратын қабылданған дұрыс және/немесе алдын алу шаралармен байланыстағы негативті оқиғаларға ерекше шалдыққыш Қор қызметінің бағытын анықтауға мүмкіндік береді;

6) ақпаратпен алмасу Қордың құрылымдық бөлімшелері арасында тәуекелдерді басқару мәселелеріне қатысты ақпаратпен алмасудың үздіксіз итеративті (қайталанатын) үдерісін қамтамасыз етеді.

9. Тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, өлшеу, бақылау және мониторингілеу рәсімдері Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттелетін зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алу бойынша операцияларға тән тәуекелдерді өлшеу тәртібін және зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алу қызметтеріне тән тәуекелдерді (операциялық тәуекелдерді бағалаудың халықаралық тәжірибесін пайдалана отырып) бағалау әдістемесін көздейді.

§3. Ішкі бақылау жүйесі

10. Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру мақсаттары, элементтері, функциялары, компоненттері, принциптері, сондай-ақ оның қатысушыларының рөлі, жауапкершілігі және қарым-қатынасы, Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне ішкі бақылауды жүзеге асырудың түрлері мен деңгейлері Қордың ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру саясатында айқындалған.

3-тарау. Қор қызметін жүзеге асыру барысында туындайтын тәуекелдер

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 30.10.2023 ж. №13 хаттамасымен бекітілген өзгерістерге сәйкес 11-тармаққа өзгерістер енгізілді.

11. Тәуекелдің туындау көзіне және ықпал ету аясына байланысты Қор тәуекелдерінің негізгі типтерінің мынадай жіктемесі қолданылады (қоса алғанда, бірақ шектелмейді):

1) қаржылық тәуекелдер Қордың меншікті активтерін инвестициялаумен байланысты тәуекелдер тобынан тұрады;

2) қаржылық емес тәуекелдерге қаржылық тәуекелдерді қоспағанда Қор үшін жағымсыз салдарға әкелетін тәуекелдердің барлық топтары кіреді.

Қаржылық емес тәуекелдер қате шешімдерді қабылдау, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамау, сондай-ақ ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дұрыс жұмыс істемеуі, табиғи және техногендік құбылыстардың және **басқа да сыртқы және ішкі факторлардың** салдарынан құралады.

12. Қордың бедел тәуекелі осы Саясаттың 11-тармағында көрсетілген тәуекелдер іске асқан жағдайда құралады.

4-тарау. Тәуекелдерді басқару және оларды төмендету әдістері

13. Қор тәуекелдерін басқару үдерісі логикалық өзара байланысқан және тәуекелдерді сәйкестендірудің, өлшеудің, бағалаудың, бақылаудың және мониторингілеудің тұрақты түрде қайталанатын әдістерінің, сондай-ақ Қор пайдасын көбейту мен шығындарын азайтуға бағытталған барлық тәуекел түрлері бойынша ақпаратпен алмасу жиынтығын білдіреді.

14. Тәуекелдерді басқару жүйесі келесідей әдістерді қамтиды:

- 1) сәйкестендіру және бағалау, Қор қызметінде құрылған және/немесе құрылуы мүмкін іске асырылған және ықтимал тәуекелдерді тұрақты бақылау және қабылданған тәуекелдер көлемін жүзеге асыру;
- 2) Қордың Басқармасы мен Директорлар кеңесіне басқарушылық есепке алу және есептілік жүйенің болуы;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасын, ағымдағы жағдай мен экономикалық ортаны есепке ала отырып жылдық бюджет пен стратегиялық жоспарларды жасау;
- 4) бар және ықтимал тәуекелдерді бағалаудың басқа әдістерін қолдану;
- 5) Қордың қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыру үдерісінде операциялардың дұрыс жасалуын екі есе бақылау;
- 6) мүдделердің бар және ықтимал дауларын басқару;
- 7) қордың ішкі нормативтік құжаттарымен көзделген басқа әдістер.

§1. Қаржылық тәуекелдерді басқару

15. Қордың қаржылық тәуекелдерін басқару нарықтық тәуекелдерді бағалаудың түрлі сандық және сапалық әдістері пайдаланылып жүргізіледі.

16. Қаржылық тәуекелге тәуекелдердің келесідей түрері кіреді:

1) нарықтық тәуекел қаржы нарығындағы қозғалыстармен байланысты шығыстардың/шығындардың туындау себебіне байланысты құрылады. Макроэкономикалық көрсеткіштер нарықтық тәуекелдердің көздері болып табылады.

2) баға тәуекелі қаржы құралдарының нарықтық құнына әсер ететін қаржы нарығының талаптары өзгергенде қаржы құралдары құнының өзгеруі салдарынан туындайды;

3) валюта тәуекелі Қор өз қызметін жүзеге асырған кезде шетел валюталары бағамының өзгеруімен байланысты шығыстар/шығындар туындаған жағдайда құрылады. Шығыстар/шығындар қауіпі құндылық мәнінде валюталар бойынша позицияларды қайта бағалаудан туындайды;

4) пайыздық тәуекел – сыйақы мөлшерлемелерінің жағымсыз өзгерістері салдарынан шығыстар (шығындар) туындау тәуекелі, оған орналастырылған активтер мен тартылған міндеттемелерді қайтару және өтеу мерзімдерінің сәйкес болмауынан шығыстар (шығындар) (бекітілген сыйақы мөлшерлемесімен) туындауына не басқаша тең жағдайларда ұқсас баға ерекшеліктері (базистік тәуекел) бар құралдар қатары бойынша алынатын және төленетін сыйақыны есептеудің және түзетудің түрлі әдістерін қолдануға байланысты тәуекелдер кіреді;

5) кредиттік тәуекел – своптар, опциондар, форвардтар және кредиттік тәуекелге ұшыраған өзге қаржы құралдары бойынша әріптестің міндеттемелерін орындамауына байланысты және осы бағалы қағаздар мен өзге қаржы құралдары есеп айырысуды реттеу кезеңінде туындайтын шығындар тәуекелі кіретін, бағалы қағазды шығару талаптарымен белгіленген мерзімде инвесторға тиесілі негізгі борыш пен сыйақыны эмитенттің төлемеуі салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі;

6) өтімділікті жоғалту тәуекелі Қордың өз міндеттемелерін орындамауына не уақтылы орындамауына/ішінара орындауына байланысты туындайды. Бағалы қағаздардың активтер ретінде өтімділігін жоғалту тәуекелі олардың төмен шығындарымен және қолайлы бағалар бойынша тез сатылу мүмкіндігімен анықталады.

7) елдің тәуекелі бейрезидент еліндегі экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістер, заңнамалық және басқа да өзгерістер салдарынан Қордың қарсыагенттерінің өз міндеттемелерін орындамауы нәтижесінде шығындар туындаған жағдайда құрылады.

17. Эмитенттердің қаржы құралдарына инвестициялар бекітілген лимит негізінде инвестициялардың түрлері, рейтинг және өзге де өлшемдер бойынша әртараптандырылады. Қордың активтерін әртараптандыру бір немесе бірнеше қаржы құралдар құнының өзгерісінен инвестициялық портфель құнының өзгеруіне байланысты төмендеуін көздейді.

18. Қаржы (инвестициялық) тәуекелін басқару Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

§2. Қаржылық емес тәуекелдерді басқару

19. Қаржылық тәуекелдерді қоспағанда кез келген тәуекел түрлері кіретін қаржылық емес тәуекелдерді басқару бағалаудың сандық және сапалық әдістерінің жолымен жүзеге асырылады.

20. Операциялық тәуекелдер қызметкерлер тарапынан жіберілген ішкі үдерістерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер нәтижесінде шығыстар (шығындар) туындаған, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың жұмыс істеген жағдайда, сондай-ақ:

1) жауапкершілікті бөлуді, есеп берушілік пен басқаруды қоса алғанда Қордың айқын емес және тиімсіз ұйымдастырушылық құрылымымен;

2) тиімсіз стратегиямен, саясатпен және(немесе) ақпараттық технологиялар аясындағы стандарттармен, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланудағы кемшіліктермен;

3) шындыққа жанаспайтын ақпаратпен немесе оны дұрыс пайдаланбаумен;

4) Қор қызметкерлерін және (немесе) біліксіз штатын дұрыс басқармаумен;

5) Қор қызметін жүзеге асыру үдерістерін жеткіліксіз тиімді басқарумен не ішкі қағидалардың сақталуын әлсіз бақылаумен;

6) Қор қызметіне сыртқы әсер етудің күтпеген немесе бақыланбайтын факторларымен;

7) Қор қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарда (қағидаларда) кемшіліктердің немесе қателіктердің болуымен;

8) Клиенттік базаны тарылтуды, клиенттердің және (немесе) қарсы агенттердің Қорға сенбеуі немесе жағымсыз қабылдауын туындатқан Қор басшылығы мен қызметкерлерінің кәсіби емес әрекеттерімен байланысты тәуекелдер кіретін сыртқы жағдайлар салдарынан құрылады.

21. Операциялық тәуекелдердің негізгі түрлері:

1) Қор қызметінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелер мен технологиялардағы іркіліс және істен шығу (мысалы, қате деректер базасы, бағдарламалық қамтамасыз етудегі, жүйелердегі және ақпарат беру арналарындағы кемшіліктер) кезінде туындайтын ақпараттық технологиялар тәуекелі (АТ-тәуекелі), сондай-ақ ақпараттық технологиялар саласындағы тиімсіз стратегиялар, саясаттар және (немесе) стандарттар;

2) Қор қызметіне сыртқы ықпал етудің кездейсоқ және бақыланбайтын факторларымен байланысты сыртқы жағдайлар тәуекелі;

3) Қордың тиімсіз ұйымдастырушылық құрылымының салдарынан туындайтын үдерістерді басқару тәуекелі (есептіліктің жауапкершілігін, құрылымын қате бөлу, шындыққа жанаспайтын ақпаратты пайдалану, үдерістерді тиімсіз құру, ішкі қағидалардың сақталуын нашар бақылау және Қор қызметін жеткіліксіз тиімді басқару);

4) Қор қызметкерінің және біліксіз штатының дұрыс емес іс-әрекеттерінің себебіне байланысты туындаған қызметкер тәуекелі;

5) басқарушылық шешім тәуекелі клиенттердің және (немесе) қарсы серіктестердің Қорға сенімсіздігін немесе кері түсінігін тудырған Қор қызметін тиімсіз басқарған жағдайда (алаяқтықты қоса алғанда) іске асырылады;

6) нақты зиян тәуекелі Қордың негізгі жабдығына, жүйелеріне, технологияларына және қорларына зиянын келтіруі мүмкін табиғи апаттар мен басқа факторлар нәтижесінде орын алады.

22. Қордың операциялық тәуекелдерін басқару мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

1) тәуекел жағдайларды («жағдайларға байланысты») іске асыру деректері бойынша тәуекелдерді басқару Қор бөлімшелерінің тәуекел жағдайларды жою және оқшаулау бойынша шаралар қабылдауды, сондай-ақ уақытында анықтау мен тіркеуді көздейді;

2) тәуекелдерді превентивті басқару («ортасына байланысты») Қор бөлімшелері жүргізетін тәуекелдерді басқару бойынша шараларды сәйкестендіру, талдау және жасау бойынша тұрақты жұмыс;

3) шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді басқару («шешіміне байланысты») Қор басшылығы мен бөлімшелері жүргізетін тұрақты жұмыс.

23. Құқықтық тәуекел Қордың тәжірибелік қызметінде пайдаланылатын және ішкі нормативтік құжаттарында регламенттелген рәсімдерде және саясаттарда кемшіліктердің/қателіктердің болуы және қазақстан Республикасы заңнамасының және басқа мемлекеттердің заңнамасының (Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қатысты) талаптарына сәйкессіздігі салдары болып табылады.

Құқықтық тәуекелді басқару Қордың шарттық қатынастарының сақталуын жедел бақылау және мониторингілеу, Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі және Қор қызметімен байланысты мәселелер бойынша сот тәжірибесінің өзгеруі жолымен жүзеге асырылады. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнаманың барлық өзгерістерін өзінің ішкі нормативтік құжаттарында көрсетіп, тәжірибеде пайдалану арқылы тиісті қолдануды қамтамасыз етеді және осындай өзгерістердің талаптарына жауап беретін жаңа ішкі нормативтік құжаттарды әзірлейді және қабылдайды.

5-тарау. Тәуекелдерді сәйкестендіру

24. Тәуекелдерді сәйкестендіру Қордың тәуекелдерге ұшырауына ықпалын анықтауға мүмкіндік береді, олардың орын алуы алға қойған міндеттер мен жоспарланған мақсаттарға жетуге бағытталған іс-шараларды іске асыру кезінде кері әсерін беруі мүмкін.

25. Қор тәуекелдерін сәйкестендіру белгіленген ішкі саясатқа және қаржы (инвестициялық) тәуекелдерді және қаржылық емес (операциялық) тәуекелдерді басқару қағидаларына, сондай-ақ Қордың ішкі бақылауына сай жүзеге асырылады.

6-тарау. Тәуекелдер өлшемі

26. Қордың тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесі тәуекелдердің кең шоғырын анықтауға және оларды кешенді түрде қарауға бағытталған, бұл тәуекелдердің тұтас көрінісін көрсетуге ақпал етеді және жүргізілетін тәуекелдерді талдау сапасын арттырады.

27. Тәуекелдерді басқарудың негізгі халықаралық стандарттарына сәйкес Қор қойылған мақсаттарға қол жеткізу қабілетін айқындау мақсатында тұрақты негізде тәуекелдердің барынша шоғырын анықтау, айналадағы тәуекелдер туралы хабардарлықты арттыру және Қордың тәуекел-мәдениетін дамытуды ынталандыру мақсатында барлық құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерінің қатысуымен тәуекелдерге баға береді.

28. Тәуекелдерді өлшеу үшін қойылған мақсаттар мен міндеттерді талдау, ықтимал тәуекелдерді ұйымдасқан талқылау (мысалы, ой-талқы, дөңгелек үстел), өзіне-өзі баға беру рәсімдері, Қордың есепті және басқа құжаттамасын талдау, үдерістердің дұрыстығы мен тиімділігін талдау, статистикалық деректерді талдау, портфель құрылымы, стресс-тестинг және бэк-тестинг, Қордың ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәуекел түрлері бойынша жиынтық лимиттерді белгілеу және басқа әдістер негізінде тәуекелдерді сәйкестендіру секілді түрлі әдістемелер мен құралдар комбинациясы пайдаланылады.

29. Ықтимал әлеуетті тәуекелдер әлеуетті тәуекелді іске асыру мүмкін болатын түрлі сценарийлер, тәуекел атауы, тәуекелдің туындау себебі, тәуекелді іске асырудың болуы мүмкін салдары, бағалау нәтижелері мен тәуекелге жауапкершілік сипатталған Қордың құрылымдық бөлімшесінің қызметіне ықпал етуі мүмкін тәуекелдер ретінде сәйкестендіріледі.

30. Тәуекелдерді өлшеу үшін рейтингтік бағалау әдісі (қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмейді) қолданылады, бұл ретте Қор қызметіне ықпал ету деңгейі мен мүмкіндігіне

байланысты белгілі балды бере отырып әр тәуекел типіне балл жүйесі бойынша саралау пайдаланылады.

7-тарау. Тәуекелдерді бағалау

31. Тәуекелдерді іске асыру мүмкіндігін және тәуекелдердің мүмкін әсерін бағалау тәуекелдер туралы түсінікті дамытуға мүмкіндік береді, белгілі бір тәуекелді басқару қажеттілігі туралы, сондай-ақ оны қысқарту бойынша лайықты және экономикалық тиімді стратегиялар туралы шешімдерді қабылдау үшін қажетті ақпараттық базаны береді.

32. Тәуекелдерді бағалау және талдау шеңберінде Қорда тәуекелдерді басқару үдерісінің әдістемелік базасын құратын сапалы, сандық талдаулар және олардың комбинациялары пайдаланылады.

33. Тәуекелдерді бағалауға әр тәуекелдің туындау негізі мен себебін қарау, оларды іске асырудағы жағымсыз салдары және белгілі бір жағдай болады деген ықтималдылық кіреді.

34. Бастапқыда тәуекелдерді бағалау сапа негізінде жүргізіледі, ал аса маңызды тәуекелдер үшін сандық бағалау қолданылады. Сандық бағалауға келмейтін немесе сенімді статистикалық ақпараты жоқ тәуекелдер сапалық негізде бағаланады. Қор тәуекелдерін бағалау «БЖЗҚ» АҚ-да негізгі және операциялық тәуекелдерді басқару қағидасына және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру саясатына Қордың ішкі бақылау саясатына сай жүзеге асырылады.

8-тарау. Тәуекелдерді бағалау

35. Негізгі тәуекелдер анықталғаннан кейін осы тәуекелдерге бейім үдерістер анықталады және тәуекелдерге орай әрекет ету (тәуекелдерді барынша азайту) бойынша іс-шаралар әзірленеді. Тиісті бақылау іс-әрекеттерін қабылдаудың қажеттілігі мен мақсатқа сай болуын анықтау үшін үдерістерге кадамдық талдау жүргізіледі.

36. Бақылау іс-әрекеттері тәуекелді басқару әдісі болып табылады және қолайлы деңгейге дейін тәуекелдерді төмендету және/немесе тәуекелдерді төмендету бойынша шаралардың уақытында дайындалуын қамтамасыз ететін және дереу орындалуға немесе жоспарланған мерзімде орындалуға жататын рәсімдерді көздейді. Үдерістерге талдау жүргізу және қосымша бақылау іс-әрекеттерін енгізудің қажеттілігі мен жөнділігін анықтау жауапкершілігі тәуекел иелеріне жүктеледі.

9-тарау. Тәуекелдерге мониторинг жүргізу

37. Қорда тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін мониторингілеу (тәуекелдерді басқару әдістері мен тәуекелдерді бақылау құралдарын қоса алғанда) және мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша түрлендіру мен жетілдіру жүзеге асырылады.

38. Қор мониторинг жүргізеді және өз тәуекелдерін Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы белгілеген негізгі қағидаттарға, саясаттарға, қағидаларға және ережелерге сәйкес бақылайды.

39. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің мониторингісі бүкіл үдерістің маңызды бөлігі болып табылады және осындай жүйенің барын, сондай-ақ оның компоненттерінің іске асырылуын бағалайды. Мониторинг мақсатты тексерістер мен тәуекелдерді басқару жүйесі іс-шараларының, саясаттарының, рәсімдерінің орындалуын тұрақты қадағалау жолымен жүзеге асырылады. Мақсатты тексерістердің ауқымы мен жиілігі тәуекелдерді бағалауға және тұрақты жүргізілетін мониторинг тиімділігіне байланысты. Тәуекелдерді басқару жүйесінің кемшіліктері Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасының назарына жеткізілуі қажет.

40. Тәуекелдерге орай әрекет ету (тәуекелдерді барынша азайту) бойынша іс-шаралар жоспарын Қор Басқармасы мақұлдаған және Директорлар кеңесі бекіткен соң тәуекелдерді

басқару бөлімшесі әрбір іс-шара бойынша белгіленген мерзімдерге сай іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 30.10.2023 ж. №13, 20.02.2026 жылғы № 2 хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 41-тармаққа өзгерістер енгізілді.

41. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің барабарлығын және тиімділігін **тәуелсіз** бағалау Қордың Директорлар кеңесінің бекіткен ішкі аудиттің жылдық жоспарына сәйкес **Қордың тексерілетін үдерістері бөлігінде** жүргізіледі.

Бақылауды жүзеге асыру және тиісті шараларды қолдану мақсатында Қор Басқармасы ішкі аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарларын Қордың құрылымдық бөлімшелерінің орындау мониторингі нәтижелері жөніндегі ақпаратты Қордың ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша тоқсанына кемінде бір рет ішкі аудит қызметінен алады.

41-1. Қордың тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесін тәуелсіз (сыртқы) бағалау кемінде бес жылда бір рет жүргізіледі.

10-тарау. Ақпарат алмасу

42. Тән тәуекелдерді тұтас және анық түсіну үшін тәуекелдерді осы тәуекелдерге орай әрекет ету бойынша іс-шараларды әзірлей отырып тәуекелдер тізілімінде, тәуекелдер картасында тіркеу жүзеге асырылады. Тән тәуекелдерді талдау тәуекелдерді басқару бойынша кешенді және өзара байланысты құралдар пайдаланылып тұрақты түрде жүзеге асырылатын тәуекелдерді сәйкестендіру, өлшеу, бағалау, бақылау және мониторинг жүргізу бойынша рәсімдер негізінде жүргізіледі.

43. Ақпаратпен алмасу тәуекелдерді басқару үдерісіне қатысушыларды тәуекелдер туралы шынайы және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз етеді, тәуекелдерге әрекет ету құралдары мен әдістері, тәуекелдер туралы хабардар болу деңгейін арттырады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 30.10.2023 ж. №13 хаттамасымен бекітілген өзгерістерге сәйкес 44-тармаққа өзгерістер енгізілді.

44. Қордың орталық аппаратының және Қор филиалының барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының **Әлеуметтік Кодексінің, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының**, сондай-ақ Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын құрылымдық бөлімшелердің не қызметкерлердің бұзғаны туралы ақпаратты және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қолданылған шаралар және бұзушылықтарды дербес анықтағаны туралы есептерді «БЖЗҚ» АҚ-да негізгі және операциялық тәуекелдерді басқару қағидасында регламенттелген формат бойынша «Корпоративтік портал» бағдарламалық қамтамасыз етуі арқылы қалыптастырылатын Тәуекел оқиғалар журналына электронды түрде жүргізілетін тәуекел оқиға түрінде (туындауына/тіркелуіне қарай) тіркейді.

Тіркелген тәуекел оқиғаларының негізінде тәуекелдерді басқару бөлімшесі тәуекелдер бойынша есепте (сараптамалық жазбада және/немесе тәуекелдерді басқару жүйесінің талаптарын сақтау (пайдалану) туралы ақпаратта) көрсетілетін тән операциялық және/немесе негізгі тәуекелдерді талдауды, сәйкестендіруді, өлшеуді, бағалауды, бақылауды және мониторинг жүргізуді жүзеге асырады.

45. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі:

1) жыл сайын Қор Басқармасының мақұлдауы және Қордың Директорлар кеңесінің бекітуі үшін тәуекелдер картасын, тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдерге орай әрекет ету бойынша іс-шаралар жоспарын (тәуекелдерді барынша азайту);

2) тоқсан сайын тәуекелдер бойынша есепті:

Қор Басқармасының мақұлдауы және Қордың Директорлар кеңесінің бекітуі үшін осы Саясатқа 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша тәуекелдерді басқару жүйесі талаптарының сақталуы (пайдаланылуы) туралы ақпарат түрінде береді, сондай-ақ стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге негізгі тәуекелдердің әсерін талдау, тәуекел сыйымдылығы мен тәуекелге төзімділік деңгейлерінің сақталуына (жиынтық және тәуекел

түрлері бөлігінде) және тәуекелдерге орай әрекет ету бойынша іс-шараларды орындауға (тәуекелдерді барынша азайту), тәуекел факторлары бөлігіндегі көші-қонмен тәуекелдер картасына мониторинг жүргізу нәтижелері қоса беріледі;

Қор Басқармасы назарға алу үшін операциялық және қаржылық тәуекелдер бойынша талдау нәтижелері бар сараптамалық жазба түрінде береді.

46. Сенімгерлік басқаруға меншікті және/немесе зейнетақы активтері есебінен құралған инвестициялық портфельдерді берген жағдайда, талдамалы жазбаларды, материалдарды, түсіндірме/ақпараттық анықтамаларды, есептерді не меншікті және/немесе зейнетақы активтері есебінен құралған инвестициялық портфельдердің қаржы (инвестициялық) тәуекелдері бөлігіндегі өзге де ақпаратты әзірлеу:

1) ішкі пайдалану мақсатында іске асырылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қордың ішкі нормативтік құжаттарында және/немесе Қордың өзге заңды немесе жеке тұлғаларымен жасалған шарттарда (келісімдерде) көзделмесе, үшінші тұлғаларға жария етуге және/немесе жіберуге болмайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудит жүргізілетін жылдық қаржылық есептілік қалыптастыру;

3) Қор басшылығы мен салымшыларды (алушыларды) хабарландыру (Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қордың ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген жағдайларда) және/немесе сырттан келген сұраныстарға жауаптарды әзірлеу;

4) зейнетақы және/немесе меншікті активтер есебінен құралған инвестициялық портфельдерді жалпы талдау (портфель құрылымдарына шолу жасау, макроэкономика, жасалған мәмілелер бойынша жаңалықтар, елдік, секторлақ, валюталық шолу, зейнетақы және меншікті активтер есебінен құралған инвестициялық портфельдердің қаржы (инвестициялық) тәуекелдер деңгейіне ықпал ететін қаржы, экономикалық көрсеткіштер бойынша өзге де сараптамалық деректер және қаржы тәуекеліне ұшырау талдамасы) мақсатында іске асырылады. Сараптамалық материалдар, түсіндірме/ақпараттық анықтамалар, есептер не меншікті және/немесе зейнетақы активтері есебінен құралған инвестициялық портфельдердің қаржы (инвестициялық) тәуекелдері бойынша басқа да ақпарат форматында жүргізілген талдама нәтижелері ішкі басқарушылық есептіліктің элементтері ретінде жіктеледі. Талдау нәтижелері есепті күнге өзекті болып табылады және меншікті және/немесе зейнетақы активтері есебінен құралған инвестициялық портфельдерді сенімді басқарушының басқару тиімділігінің бағасын көрсетпейді. Зейнетақы және/немесе меншікті активтердің портфельін сенімгерлікпен басқарушы тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің жүргізген талдамасының қорытындысында қамтылған ақпарат пен пікірді қарамайды және сенімгерлікпен басқарушыға мәлім ақпарат көрсетілмейді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 30.10.2023 ж. №13 хаттамасымен бекітілген өзгерістерге сәйкес 47-тармаққа өзгерістер енгізілді.

47. Қордың тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі:

1) Қор қызметкерлерінің қызметін теріс пайдалануға, құқыққа қарсы әрекеттеріне жол берген жағдайлар;

2) Қазақстан Республикасының **Әлеуметтік Кодексін, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңын** бұзуына және (немесе) Қордың тәуекелдің рұқсат етілген деңгейін бұзуына апарып соқтырған өзге де жағдайлар туралы Қордың Директорлар кеңесін дереу хабардар етеді.

48. Қор қызметкерлерінің қызметін теріс пайдалануға, құқыққа қарсы әрекеттеріне жол берген жағдайлар ретінде Қордың қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының өзі, басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу және (немесе) салымшылардың (алушылардың) құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі түрде зиян келтіру мақсатында Қор мүддесіне қарамастан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құқықтық нормалардың талаптарына қайшы келетін Қордың қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының теріс мінез-құлқы, заңсыз әрекеті (әрекеті немесе әрекетсіздігі) танылады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 30.10.2023 ж. №13 хаттамасымен бекітілген өзгерістерге сәйкес 49-тармаққа өзгерістер енгізілді.

49. Қазақстан Республикасының **Әлеуметтік Кодексін, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңын** бұзуға және (немесе) Қордың тәуекелдің рұқсат етілген деңгейін бұзуға апарып соқтыратын басқа жағдайлар ретінде Қор немесе сенімгерлікпен басқарушы қызметкерлерінің, лауазымды тұлғаларының нәтижесінде:

1) әлеуетті немесе нақты қаржы шығындары Қордың тәуекел сыйымдылығының белгіленген деңгейінен (тәуекелдің рұқсат етілген деңгейі) асып кететін;

2) беделдік нұқсан (оның ішінде күтілетін) елеулі және қоғам арасында Қордың жағымсыз имиджінің қалыптасуына апарып соқтыратын;

3) Қазақстан Республикасының **Әлеуметтік Кодексінің, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының** талаптары бұзылған жағдайда, қадағалау және/немесе реттеу органы тарапынан ықпал ету шаралары мен санкциялар қолданылатын;

4) есепті күнге тәуекелдерді басқару бөлімшесінің мониторинг жүргізу нәтижесі бойынша анықталған Қордың зейнетақы және/немесе меншікті активтерін инвестициялаудың бекітілген лимиттері бұзылатын;

5) аталған бұзушылыққа жол берген қызметкердің және/немесе лауазымды тұлғаның қылмыстық жауапкершілігіне апарып соқтырған немесе апарып соқтыруы мүмкін Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылған;

6) елеулі залалға және Қордың қалыпты жұмысының бұзылуына апарып соқтырған басқа салдарлар (есепті кезеңге бекітілген Қордың меншікті активтері бойынша тәуекел сыйымдылығының жалпы (жиынтық) деңгейіне жету тәуекелі іске асқан жағдайда) болған кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі танылады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 20.02.2026 жылғы № 2 хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 50-тармаққа өзгерістер енгізілді.

50. Қауіпсіздік, **киберқауіпсіздік**, қызметкерлерді басқару бойынша, жұртшылықпен байланыс бойынша бөлімшелердің, заң бөлімшесінің басшылары, Қор Филиалдарының директорлары, сондай-ақ Қордың өзге де бөлімшелері осы Саясаттың 48 және 49-тармақтарында көзделген анықталған жағдайлар туралы Қордың тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшені уақытында хабардар етуге жауапты.

51. Қордың тәуекелдерді басқару бөлімшесі ақпараттың түсуіне қарай:

1) талдау нәтижелерін жетекшілік ететін басшының қарауына ұсына отырып, осы Саясаттың 48 және 49-тармақтарында көзделген белгілердің анықталған жағдайларға сәйкестігіне қосымша талдау жүргізеді;

2) сәйкестіктер анықталған жағдайда, ақпаратты Қор Төрағасының/жетекшілік ететін басшының келісімінен кейін Қордың Директорлар кеңесіне жолдайды. Директорлар кеңесін хабардар ету тез арада, бірақ Қордың тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшеге ақпарат және/немесе мәлімет ресми түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

52. Директорлар кеңесіне «ҚК» белгісі бар хабарлама Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысына әрі қарай тез арада (бірақ 2 (екі) жұмыс күннен кешіктірмей) Директорлар кеңесінің мүшелерін хабардар ету үшін жіберіледі.

11-тарау. Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі қамту салалары

53. Қорда тәуекелді басқару жүйесін қалыптастыру Қор қызметінің корпоративтік басқару, ақпараттық жүйелер мен басқарушылық ақпарат жүйелерінің қызмет ету талаптарына сәйкес келтіру мақсатында жүзеге асырылады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 30.10.2023 ж. №13 хаттамасымен бекітілген өзгерістерге сәйкес 54-тармаққа өзгерістер енгізілді.

54. Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі Қор қызметінің төмендегідей бағыттарын қамтиды:

- 1) зейнетақы жинақтарының есебін жүргізу және салымшыларды (зейнетақы төлемдерін алушыларды) жұмылдыру үдерісін ұйымдастыру, жүргізу және әкімшіліктендіру;
- 2) Қор қызметінің үдерісінде пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету аудиті;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ішкі рәсімдер мен құжаттарды әзірлеу және бекіту;
- 4) салымшылармен (зейнетақы төлемдерін алушылармен) жұмысты ұйымдастыру тәртібін айқындау және олардың зейнетақы жинақтарын есепке алу, оған:
 - салымшылардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына қаражаттың түсуі мен жеке зейнетақы шоттарының уақытында ашылуының және есепке алынуының, зейнетақы жинақтарының төлемі мен аударымдарының дұрыстығын қамтамасыз ететін рәсімдер;
 - салымшылардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) шағымы мен өтінішін белгіленген мерзімде маңыздылығына қарай қарауға кепілдік беретін рәсімдер;
 - салымшылардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) зейнетақы жинақтарының төлемі мен аударымын уақытында жүзеге асыруға кепілдік беретін рәсімдер;
 - жинақтаушы зейнетақы қорымен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасауға ниетті салымшыларға (зейнетақы төлемдерін алушыларға), сондай-ақ тұлғаларға ақысыз кеңес беру қызметтерін көрсету, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару қызметінің жұмыс жасау мәселелері бойынша рәсімдер;
 - зейнетақы активтері есебінің Қазақстан Республикасының **Әлеуметтік Кодексінің, Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы» заңының** талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететін рәсімдер;
 - комиссиялық сыйақының дұрыс есептелуін тексеру тәртібі;
 - салымшылармен (зейнетақы төлемдерін алушылармен) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасау бойынша Қорда қызметтің ұйымдастырылуын бақылау рәсімдері;
 - салымшыларға (зейнетақы төлемдерін алушыларға), сондай-ақ Қормен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасауға ниетті тұлғаларға кеңес беру қызметтерін көрсету бойынша міндеттер жүктелген Қор қызметкерлерінің қызметін бақылау, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қызметінің мәселелері бойынша рәсімдер енеді;
- 5) Қорды басқарудың ұйымдастырушылық-функционалдық құрылымын құру;
- 6) уәкілетті органмен Қордың өзара әрекет етуі;
- 7) зейнетақы активтері мен жинақтары бойынша ақпаратты жинастыру, енгізу, сақтау және тарату;
- 8) тәуекелдердің рұқсат етілген көлеміне шектеулер қою.
«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 20.02.2026 жылғы № 2 хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 55-тармаққа өзгерістер енгізілді.
55. Қордың ішкі құжаттары мыналарды қамтиды:
 - 1) ұйымдық құрылым туралы ереже;
 - 2) ұзақ мерзімді кезеңге стратегиялық жоспарлау және қысқа мерзімді және орта мерзімді кезеңдерге жылдық бюджет (қаржылық жоспар) жасау тәртібі;
 - 3) корпоративтік стратегия;
 - 4) есепке алу саясаты;
 - 5) тәуекелдерді басқару саясаты;
 - 6) ақпараттық қауіпсіздік **саясаты**;
 - 7) Қордың ішкі аудитін жүзеге асыру рәсімдері;
 - 8) ішкі бақылауды жүзеге асыру рәсімдері;
 - 9) қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясаты;
 - 10) Қордың операциялық (ағымдағы) қызметі мен бухгалтерлік есепке алуын жүзеге асыру тәртібі;
 - 11) еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық;
 - 12) Қордың Директорлар кеңесі белгілеген басқа құжаттар.

Жоғарыда көрсетілген ішкі құжаттар жеке құжат ретінде жасалады не Қордың басқа ішкі құжаттарының құрамына қосылады және Қордың тәуекелдерді басқару бөлімшесімен келісілген соң Қордың Директорлар кеңесі бекітеді, бұған Қор Басқармасы бекітетін осы тармақтың 1), 11) және 12) тармақшаларымен көзделген ішкі құжаттар қосылмайды. Осы тармақтың 12) тармақшасымен көзделген Директорлар кеңесі белгілеген басқа құжаттар деп Директорлар кеңесінің шешімдеріне сай Директорлар кеңесінің тапсырмасымен Қо әзірлейтін ішкі құжаттар қарастырылады.

56. Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі Саясатқа 1-қосымшаға сәйкес ақпарат алмасу жүйесін ұйымдастыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесін қолдау үшін пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету бойынша қойылатын талаптарды қамтиды.

57. Қор жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей уәкілетті органға Қағиданың 1-қосымшасына сай нысан бойынша тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау бойынша есепті береді, ол:

- 1) тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптар тізбесін;
- 2) тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың сәйкестігін (сәйкессіздігін) дербес бағалауды;
- 3) тәуекелдерді басқару жүйесінде кемшіліктер анықталған жағдайда түзетуді қажет ететін кемшілікті, кемшілікті түзету үшін қажетті іс-шараларды, жауапты тұлғаларды және іс-шараны нақты орындау мерзімдерін көрсете отырып оларды жою бойынша іс-шаралар жоспарын қамтиды.

12-тарау. Тәуекел сыйымдылығы және тәуекелге төзімділік

58. Тәуекел сыйымдылығының және тәуекелге төзімділіктің (оның ішінде тәуекел түрлері бойынша) жиынтық деңгейлерін жыл сайын Қор Басқармасы мақұлдайды және Қордың Директорлар кеңесі бекітеді және/немесе стратегиялық мақсаттар өзгерген және іргелі басқару шешімдері қабылданған жағдайда қайта қаралады.

59. Тәуекел сыйымдылығының деңгейлері сапалық және/немесе сандық түрде көрсетіледі. Қордың негізгі қаржылық көрсеткіштерінің мәні Қордың тәуекел сыйымдылығына әсер етеді. Тәуекелге төзімділік деңгейлері тәуекел оқиғалары бойынша нақты көрсеткіштердің рұқсат етілген ауытқуларының шектерін растау үшін қолданылады.

60. Қордың Директорлар кеңесі тәуекел сыйымдылығы мен тәуекелге төзімділіктің жиынтық деңгейлерімен (оның ішінде тәуекел түрлері бойынша) қатар инвестициялау лимиттерін бекітеді (қайта қарайды).

61. Қор Басқармасы тәуекел түрлері бойынша лимиттерді және Қор қызметімен байланысты лимиттерді белгілеу бойынша шешімді қабылдайды.

62. Тәуекелдерді белсенді және қарқынды басқаруды қамтамасыз ету үшін Қор тәуекелдерді кешенді басқару үшін құрылған алқалық органдар бекітетін (қайта қарайтын) өзге лимиттерді белгілейді.

63. Қорда үздік халықаралық тәжірибешілердің әдістерін және көпшілікке танылған тәсілдерді пайдалана отырып әзірленген тәуекел сыйымдылықты және тәуекел төзімділікті есептеу әдістемесі бекітілген.

64. Қор басшылығы тәуекел төзімділік деңгейі мен бекітілген тәуекел сыйымдылық аясында операциялық және стратегиялық шешімдерді қабылдайды.

65. Қорда жалпы тәуекел сыйымдылық асып кетпейтіндігіне сенімділікті қамтамасыз ету үшін ағымдағы тәуекел төзімділік деңгейіне мониторинг жүзеге асырылады.

Тәуекелдерді басқару бөлімшесі тоқсан сайын тәуекел сыйымдылығы мен тәуекелге төзімділік деңгейлерінің (жиынтық және тәуекел түрлері бөлігінде) сақталуына мониторинг жүргізу нәтижелерін Қор Басқармасының қарауы және мақұлдауы үшін және Қордың Директорлар кеңесіне мәлімет үшін ұсынады.

13-тарау. Қордың Директорлар кеңесінің, Басқармасының төрағалары мен мүшелерінің және басқа да жауапты қызметкерлерінің тәуекелдерін басқару бойынша өкілеттіктері және функционалды міндеттері

66. Тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру Қордың Директорлар кеңесі, Басқармасы, сондай-ақ бөлімшелері деңгейінде тәуекелдерді басқаруға біріктірілген амалды білдіреді.

67. Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылаудың Қазақстан Республикасының заңнамасының, Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді және Қордың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылауды жүзеге асыру аясында өздеріне жүктелген міндеттерін орындау үшін жағдай жасайды.

68. Тәуекелдерді басқару жүйесінің аясындағы Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметі Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің/уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Қор Жарғысымен, Қордың Директорлар кеңесі туралы ережемен анықталады.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесі және ішкі бақылау жүйесі саласындағы Қордың ішкі қызметін, сондай-ақ олардың тиімділігін талдауды реттейтін Қордың ішкі рәсімдерін бекітеді және Қор қызметінде тәуекелдерді барынша азайту және жетілдіру бойынша мәселелерді шешеді.

69. Қордың Басқарма мүшелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару бөлігінде өз лауазымдық міндеттерін орындайды. Талап етілетін қызметтер Қор Жарғысында, Қор Басқармасы туралы ережеде, лауазымдық нұсқаулықтарда және тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесі аясында Қордың ішкі нормативтік қызметін реттейтін Қордың басқа да ішкі құжаттарымен бекітіледі. Басқарма төрағасы мен мүшелері Қордың тәуекелдерді басқару жүйесінің дамуын және тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуі және бақылауы қажет.

70. Функционалды міндеттерді бөлу бойынша талдама осы Саясаттың 2-қосымшасында келтірілген.

14-тарау. Қордың басқарушы қызметкерлеріне, сондай-ақ тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелердің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 30.10.2023 ж. №13 хаттамасымен бекітілген өзгерістерге сәйкес 71-тармаққа өзгерістер енгізілді.

71. Қордың басқарушы қызметкерлеріне, сондай-ақ тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелердің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының **Әлеуметтік Кодексімен**, бөлімшелер туралы ережемен және Қордың көрсетілген қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарымен белгіленеді, қоса алғанда, алайда білімі мен жұмыс өтілі бойынша талаптармен шектелмейді.

72. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі дербес бөлімше болып табылады және өз қызметін бөлімше туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

73. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі қызметкерлерінің міндеттері мен қызметтері, өкілеттіктері, біліктілік талаптары, білімі мен жұмыс өтілінің болуы туралы талаптар ережемен және лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.

74. Тәуекелдерді басқару бөлімшесінің қызметкерлеріне Қордың басқа бөлімшелерінің міндеттері жүктелмейді.

15-тарау. Операцияларды екі есе бақылау жүйесін орнату рәсімдері

75. Лауазымдық нұсқаулықтарда, Қордың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерде және Қордың басқа ішкі нормативтік құжаттарында көрсетілген Қор

қызметкерлерінің, жекелеген құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының өкілеттіктері мен функционалды міндеттері операцияларды жасаудың дұрыстығына екі еселенген бақылауды қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) операцияны жүргізетін қызметкер – бірінші деңгей, операцияны орындайтын қызметкерді бақылайтын тікелей басшы – екінші деңгей;

2) операцияны орындайтын бөлімшенің қызметкері (басшысы) – бірінші деңгей, сол операцияның орындалуын бақылайтын өзге бөлімшенің қызметкері (басшысы) – екінші деңгей.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 20.02.2026 жылғы № 2 хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 76-тармаққа өзгерістер енгізілді.

76. Операцияларды бақылаудың екі деңгейі де болғанда талаптар:

1) бөлім қызметкері/басшысы жасаған операцияларды тікелей басшысы/басқа бөлімше басшысы келісу жолымен Қорда қолданылатын электрондық құжатайналым арқылы;

2) мүдделі тұлғаларға құжатты және/немесе құжаттың электрондық үлгісін жібере отырып қағаз/электронды тасымалдағыштағы құжатқа қол қою арқылы;

3) зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алу үшін ақпараттық жүйелерде, сондай-ақ бухгалтерлік есепті, операцияларды жүргізу жөніндегі басқа да ақпараттық жүйелерде растау (санкциялау) арқылы орындалады, оларды растау (санкциялау) бойынша талаптар жауапты құрылымдық бөлімшелердің ішкі нормативтік құжаттарында, қызметкердің басшысы немесе Қордың өзге де уәкілетті қызметкері белгілеген.

16-тарау. Қордың операциялық (ағымдағы) қызметін және бухгалтерлік есепті жүзеге асыру тәртібі

77. Қордың операциялық (ағымдағы) қызметін және бухгалтерлік есепті жүзеге асыру тәртібі:

1) Қордың ұйымдастырушылық-функционалды құрылымда қызметі, міндеттері мен өкілеттіктері Қор Басқармасымен бекітілген сәйкесті ережелермен айқындалған Қор қызметінің операциялық (ағымдағы) қызметінің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін бөлімшелердің;

2) операцияларды жасау үдерісіне жұмылдырылған Қордың құрылымдық бөлімшелерімен әзірленген Қордың жекелеген ішкі құжаттарында сипатталған операцияларды жүргізудің техникалық тәртібінің;

3) Қордың есепке алу саясатында және операциялардың жекелеген түрлерін есепке алу бойынша басқа да ішкі құжаттарда көрінетін Қор операцияларын бухгалтерлік есепке алу жүйесінің;

4) Қордың құжатайналымы мен іс жүргізу жүйесінің;

5) Қордың операциялық (ағымдағы) қызметін жүзеге асыру тәртібінің бұзылу тәуекелдерін алдын алу бойынша, оның ішінде:

қате жүргізу және қаржы құралдарымен жасалған операциялар есебінде жалған көрсету мүмкіндігін шектейтін;

алаяқтық пен қателікті жіберіп алмау мақсатында бухгалтерлік жазбаны жүзеге асыру кезінде қызметкерлердің қатысуы (басқаруы) үшін шектеулі рұқсаттың белгіленуін және қызметкерлердің функцияларын бөлуді қамтамасыз ететін;

операцияларды қауіпсіз жүргізуді, дәлірек меншікті капиталы мен табыс көлемінің ақылға қонымсыз тәуекелін қабылдаған және табыстармен операцияларды жүзеге асыру кезінде теріс пайдаланушылық жағдайларын анықтауды және алдын алуды қамтамасыз ететін;

электрондық өңдеу жүйесінің үздіксіз жұмысын және деректерді өңдеу мәселесіне жауап беретін және деректерді электрондық өңдеу жүйесін бақылайтын тұлғалардың біліктілігі мен жұмыс бағытына сәйкесетін тәжірибесінің болуын қамтамасыз ететін;

компьютерлік және телекоммуникациялық жүйеге заңсыз рұқсат кірудің алдын алуға бағытталған және ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесінде автоматтандырылған жүйеге кіру және шығу кезінде рұқсат деңгейін тексеру жүйесінің болуын болжайтын және ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесінің маңызды жолдарды, оның ішінде ақпараттық деректер базасына электрондық жолдарды бақылау бойынша жауапкершілігін белгілейтін;

жоспарлы іс-шараларды, оның ішінде деректер базасының ақпараттық жүйелерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша форс-мажор жағдайлары кезінде орындауға бағытталған рәсімдердің болуын;

б) деректерді электрондық өңдеу жүйесін жоспарлау, әзірлеу және жұмыс істеу тәртібін белгілеуді көздейді.

78. Қордың ұйымдық-функционалдық құрылымын Қор Басқармасы белгілейді. Қордың операциялық (ағымдағы) қызметін және бухгалтерлік есепке алуды жүзеге асыру бойынша негізгі тұжырымдамалық қағидаттарды (ережелерді) қамтитын Қордың операциялық (ағымдағы) қызметін және бухгалтерлік есепке алуды жүзеге асыру тәртібін Қордың Директорлар кеңесі бекітеді.

17-тарау. Үздіксіз қызметті басқару

79. Төтенше жағдайлар басталған кезде іс-әрекеттерді, Қордағы үздіксіз қызметті басқарудың тиімді үдерісін құру қағидаттары мен негізгі амалдарын айқындау мақсатында төтенше/дағдарыс және төтенше жағдайлар орын алған жағдайда олар басталған сәтке дейін алдын алу шараларын қолдана отырып, уақытында әрекет ету бойынша Қордың үздіксіз қызметін басқару және ұйымның үдерісін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттар, оның ішінде жоспарлы іс-шараларды орындауға бағытталған Қордың операциялық (ағымдағы) қызметін жүзеге асыру тәртібін бұзу тәуекелдерінің алдын алу бойынша, оның ішінде деректер базасының ақпараттық жүйелерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша форс-мажор жағдайлары кезіндегі:

1) өрт қауіпсіздігі мен сейсмотұрақтылыққа, автономдық электрқуат беру, резервтік компьютерлер мен желілік коммуникациялар талаптарына жауап беретін ақпараттық деректер базасының техникалық кешендері, деректер файлы мен жүйелік-маңызды бағдарламалық файлдардың резервтік көшірмелерін жүйелі құру үшін оқшауланған үй-жайдың болуын;

2) тежеусіз күш-жағдайлары туындаған жағдайда өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлуді;

3) жүйе жұмысында төтенше іркіліс болған жағдайда компьютерлік орталық үшін қағида мен нұсқаулықты көздейтін тежеусіз күш жағдайлары орын алғанда іс-әрекеттерді анықтауды;

4) жабдықты тұрақты түрде тексеру және ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесінің жұмыс туралы есебін тексеру арқылы іркілістің алдын алуды көздейтін рәсімдер әзірленді.

18-тарау. Қорытынды ережелер

80. Осы Саясат Қордың сәйкесті іс-шаралар жоспарына және бекітілген даму стратегиясына сәйкес іске асырылады.

81. Саясат Қор стратегиясының өзгеруі және Қазақстан Республикасы заңнамасындағы өзгерістер ескеріліп қайта қаралады. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қор Жарғысының өзгеруі нәтижесінде Саясаттың жекелеген нормалары оларға қайшы келетін болса, Саясаттың бұл нормалары күшін жояды және Саясатқа тиісті өзгертулер енгізген сәтке дейін Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алу қажет.

82. Саясат мазмұнының өзектілігіне тәуекелдерді басқару бөлімшесі жауапты.

83. Осы Саясатқа өзгерістер мен толықтырулардың барлығы немесе оны күшін жойды деп тану Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

84. Осы Саясатта қарастырылмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

85. Саясаттың талаптарын Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері орындауға міндетті. Саясаттың нормаларын сақтамағаны үшін жауапкершілік Қор бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлеріне жүктеледі.

Басқарма Төрағасы

Ж. Курманов

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
2023 жылғы «13» маусымдағы №8 хаттамасымен бекітілген
«БЖЗҚ» АҚ тәуекелдерді басқару саясатына
1-қосымша

_____ жылғы «__» тоқсанға
**«БЖЗҚ» АҚ тәуекелдерді басқару жүйесі талаптарының сақталуы (пайдалануы)
туралы ақпарат**

№	Тәуекелдерді басқару жүйесінің талаптары	Талапқа сәйкестік бағасы	Анықталған кемшіліктер	Кемшіліктерді жою бойынша қажетті іс-шаралар, жауапты тұлғалар мен іс-шараларды орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6

Кестені толтыруға ескертпе:

Осы нысанға сәйкес Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі талаптарының сақталуы (пайдалануы) туралы ақпарат тоқсан сайынғы негізде Қордың Директорлар кеңесіне жіберіледі.

Тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкестікті бағалау келесідей белгілердің үшбалды жүйесі бойынша жүзеге асыру қажет: сәйкес келеді, ішінара сәйкес келеді, сәйкес келмейді.

1. «Сәйкес келеді» бағасы қандай да бір маңызды кемшіліктерсіз тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың белгілерін Қор орындаған кезде шығарылады.

2. «Ішінара сәйкеседі» бағасы кемшіліктер анықталғанда шығарылады, олар Қордың тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың нақты белгілерінің сақталуында Қор қабілеттілігіне қатысты күрделі күдіктер туындауы үшін жеткіліксіз болып табылады.

3. «Сәйкес келмейді» бағасы Қор тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың белгілерін Қор орындамаған кезде шығарылады.

4. Егер тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын жекелеген талаптар Қорға қатысты қолданылмайтын болса, талаптардың аталған белгісіне сәйкестік бағасы жүзеге асырылмайды және «қолданылмайды» сәйкесті жазбасымен белгіленеді.

2-қосымшаға «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 30.10.2023 жылғы №13, 20.02.2026 жылғы № 2 хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес өзгерістер енгізілді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
2023 жылғы «13» маусымдағы №8 хаттамасымен бекітілген
«БЖЗҚ» АҚ тәуекелдерді басқару саясатына
2-қосымша

Тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау (ТБЖ және ІБ) қатысушыларының негізгі функционалдық міндеттерін бөлу:

ТБЖ қатысушылары	Функционалдық міндеттері
Директорлар кеңесі	<ol style="list-style-type: none"> 1) Қордың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында жүктелген міндеттерін орындауына жағдай жасау; 2) ТБЖ және ІБ ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін, тәуекел сыйымдылығы мен тәуекелге төзімділіктің жалпы (жиынтық) деңгейлерін, тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын, тәуекелдерге орай әрекет ету бойынша іс-шаралар жоспарын (үдерістерді жақсарту, барынша азайту стратегиясы) айқындайтын ішкі нормативтік құжаттарды бекіту; 3) тәуекелдер тізбесін қарау және оларға стратегиялық міндеттерді іске асыруға әсер ететін тәуекелдердің енгізілуін қамтамасыз ету; 4) Қордың кез келген қызметкері мен лауазымды тұлғасының Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі рәсімдердің, Қор қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексінің талаптарын бұзу фактілері туралы хабардар етудің қауіпсіз, құпия және қолжетімді тәсілін алу; 5) қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес ТБЖ және ІБ тиімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру; 6) Ішкі аудит қызметінің, Басқарманың есептілігі негізінде ТБЖ тиімділігін бағалау; 7) Акционерге ұсынылатын қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы жыл сайынғы есепте ТБЖ туралы ақпаратты ашу; 8) Қордың корпоративтік басқару кодексі талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру; 9) тәуекелдерді басқаратын Қор бөлімшелерінен Қордың ішкі құжаттарымен белгіленген нысанда тоқсан сайынғы негізде тәуекелдерді басқару жүйесі талаптарының сақталуы туралы ақпаратты алу; 10) Бюджетті талдайтын және жоспарлайтын Қор бөлімшесінен қызметтің жоспарланған көрсеткіштерімен және өткен есепті кезеңдегі кезеңмен салыстыра отырып Қордың операциялық (ағымдағы) қызметінің ағымдағы нәтижелері туралы есепті тоқсан сайынғы негізде алу; 11) Қордың ішкі аудит қызметінен Қор қызметін жақсарту бойынша ұсынымдар мен кемшіліктер туралы қорытындылар қамтылған тексеріс нәтижелері бойынша есептерді есептердің дайын болуына қарай алу; 12) Қор Басқармасынан Қор қызметін жақсарту бойынша ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуын бақылау нәтижелері туралы

	есепті тоқсан сайын алу.
Ішкі аудит қызметі	<p>1) Қордың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін, үдерістерін тексеру арқылы ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару жүйесінің дұрыстығы мен тиімділігіне объективті бағалау және оларды жетілдіру жөнінде ұсынымдар беру;</p> <p>2) Қордың ішкі құжаттарының сақталуын, ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсынымдарының, қолданылған ықпал етудің шектеу шаралары мен санкцияларының, сондай-ақ қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруға қатысты белгіленген уәкілетті орган талаптарының орындалуын бақылау;</p> <p>3) Директорлар кеңесін Қордың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау жай-күйі туралы уақытылы және шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмысты жақсарту бойынша пәрменді және тиімді ұсынымдар беру.</p>
Қор Басқармасы	<p>1) шоғырландырылған негізде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;</p> <p>2) ТБЖ және ІБ тиісті жұмыс істеуін бақылауды қамтамасыз ету;</p> <p>3) бюджетті талдайтын және жоспарлайтын Қор бөлімшесінен қызметтің жоспарланған көрсеткіштерімен және өткен есепті кезеңдегі кезеңмен салыстыра отырып Қордың операциялық (ағымдағы) қызметінің ағымдағы нәтижелері туралы есепті тоқсан сайынғы негізде алу;</p> <p>4) Қордың табысын (шығысын) бақылайтын Қор бөлімшелерінен құрылымдық бөлімшелерінен, филиалдарынан, өкілеттіктерінен Қордың табысы (шығысы) туралы ай сайынғы есепті операциялық (ағымдағы) қызметтің (қызмет түрлері бойынша динамиканы қоса алғанда) жоспарлы көрсеткіштерін қоса бере отырып, тоқсан сайынғы негізде беру;</p> <p>5) Қордың ішкі аудит қызметінен Қор қызметін жақсарту бойынша ұсынымдар мен кемшіліктер туралы қорытындылар қамтылған тексеріс нәтижелері бойынша есептерді есептердің дайын болуына қарай алу;</p> <p>6) Қордың ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесінен тоқсанына бір рет: аппараттық-бағдарламалық техникалық кешендердің ахуалы; есептік кезең ішінде анықталған техникалық мәселелер; анықталған Қордың ішкі рәсімдеріне сәйкессіздік;</p> <p>7) проблемалар мен сәйкессіздіктерді жою мен қайта туындауының алдын алу үшін қолданылған шаралар туралы тоқсанына бір рет алу;</p> <p>8) ақпараттың туындауына қарай Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерінен: бөлімшелердің не қызметкерлердің Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексінің, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының талаптарын, сондай-ақ Қордың ішкі құжаттарын бұзуы туралы ақпарат; бұзушылықтарды өз бетімен анықтау және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шаралар туралы есептер алу.</p>
Қордың тәуекел комитеті	<p>1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;</p> <p>2) тәуекелдерді басқару саласындағы Қор бөлімшелерінің қызметін</p>

	<p>үйлестіру (қаржылық тәуекелдерді қоспағанда);</p> <p>3) тәуекел-менеджментті стратегиялық жоспарлауға интеграциялай отырып, Қордың қызметіне әсер ететін тәуекелдерді кешенді және тиімді басқару;</p> <p>4) жағымсыз оқиғалардың немесе мән-жайлардың туындау ықтималдылығын төмендетуге, тәуекелдерді басқару жүйесін және жалпы Қор қызметін жетілдіруге және жаңғыртуға бағытталған жаңа үдерістерді/жобаларды енгізу бойынша ұсыныстарды қарау;</p> <p>5) Қор тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау мақсатында Қор Басқармасына жәрдемдесу;</p> <p>6) корпоративтік тәуекел мәдениетін жетілдіру;</p> <p>7) Қордың ішкі нормативтік құжаттарында көзделген талаптарға сәйкес тәуекелдер бойынша есептерді қарау мен мақұлдау және өз құзыреті аясында тиісті шаралар қолдану.</p>
Орталық аппарат бөлімшелері (үдерістердің иелері) мен филиалдардың басшылары	<p>1) ТБЖ және ІБ қағидаттарын іске асыру және сақтау;</p> <p>2) үдерістердің операциялық мақсаттарға тиімді жетуі үшін жауапкершілік қабылдау;</p> <p>3) үдерістерде тиімді бақылау ортасын ұйымдастыру, оның ішінде тиімді бақылау рәсімдерінің болуын және Қордың үдерістеріне бақылау рәсімдерін орнатуды, сондай-ақ алдын ала және ағымдағы бақылауды қамтамасыз ету;</p> <p>4) тәуекелдерге орай уақытылы әрекет етуді және оларды оқшаулау мен алдын алу шараларын қолдануды қамтамасыз ету;</p> <p>5) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша рәсімдерді жетекшілік ететін бөлімше қызметін/үдерісті реттейтін Қордың ішкі нормативтік құжаттарында рәсімдеу және есеп беретін қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында тәуекелдерді басқару үдерісіне жауапкершілікті бекіту;</p> <p>6) үдерістердің тәуекелдерін басқару;</p> <p>7) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің өзгеруіне байланысты қосымша тәуекелдердің туындау мүмкіндігін бағалауды жүргізу.</p>
Тәуекелдерді басқару бөлімшесі	<p>1) тәуекелдерді басқару рәсімдерінің сақталуын бақылау және анықталған жөнсіздіктер туралы тәуекел комитетке хабарлау;</p> <p>2) ТБЖ және ІБ әдістемелік және нормативтік базасын жетілдіру;</p> <p>3) қаржы құралдары бойынша тәуекелдерді талдау және бағалау үшін қажетті ақпаратты жинау үдерісін ұйымдастыру;</p> <p>4) тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша іс-шараларды жоспарлау және бастау;</p> <p>5) Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінен тәуекелдерді басқару үдерісін жүзеге асыруға қажетті құжаттар мен ақпарат алу;</p> <p>6) тәуекелдерді басқару және үдерістердің тиімді бақылау ортасын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды үйлестіру;</p> <p>7) тәуекелдерді басқару және бақылау рәсімдері мәселелері бойынша тәуекел иелеріне ұсынымдар беру;</p> <p>8) Қордың атқарушы басқару органдарының тәуекелдерді басқару бойынша іс-шараларды, сыртқы қатерлерге орай әрекет ету стратегиясын қарауын және бекітуін ұйымдастыру;</p> <p>9) Қордың басқару органдарын тәуекелдерді басқару нәтижелері, ТБЖ тенденциялары мен жай-күйі туралы хабардар ету;</p> <p>10) ТБЖ қағидаттарын іске асыруды қамтамасыз ету;</p> <p>11) үдерістердің мақсаттарына қол жеткізу тиімділігі үшін</p>

	<p>жауапкершілік; 12) үдерістерді оларды оңтайландыру қажеттілігі тұрғысынан бағалау және бақылау рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуді ұйымдастыру; 13) бақылау рәсімдерінің және үдерістердің бақылау ортасының анықталған кемшіліктерін жоюды қамтамасыз ету.</p>
Киберқауіпсіздік бөлімшесі	<p>1) ақпараттық қауіпсіздік құралдарын таңдау, әзірлеу, қолдау және бақылау; 2) ақпараттық қауіпсіздік бойынша үдеріс аясында тәуекелдерді сәйкестендіру; 3) ақпараттық қауіпсіздіктің сақталуын бақылау үшін жауапкершілік.</p>
Заң департаменті	<p>1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына Қордың ішкі қағидаларының, рәсімдерінің және шарттық қатынастардың сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.</p>